



**ЖЫЛ БАСЫНДА  
ПРОБЛЕМАЛАР  
БОЛДЫ, БАРЛЫҒЫНА  
ТҮСІНІСТІКПЕН  
ҚАРАДЫҚ**

**→3**



**КІЛ  
МЫҚТЫДА  
КІМ МЫҚТЫ?**

**→5**



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ФУТБОЛ ҚҰРАМАСЫ:  
ҰЛТТАР  
ЛИГАСЫНДАҒЫ  
СТАТИСТИКА**

**→8**

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

[qazaqsporty.kz](http://qazaqsporty.kz)

№21 (5372)  
18 маусым 2022 жыл

Газет сенбі  
күні шығады

[kazakh\\_sporty@mail.ru](mailto:kazakh_sporty@mail.ru)



## 10 КҮН БОЙЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕГЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА

**ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ ЖАҢА БІР КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСҚАНДАЙ. ӨМІРІ ЖЕҢІЛІСТЕН КӨЗ АШПАЙТЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАМЫЗ 10 КҮНДЕ ТӨРТ ОЙЫН ӨТКІЗІП, БІР ДЕ БІРЕУІНДЕ ҚАРСЫЛАСҚА ЕСЕ ЖІБЕРМЕДІ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ҮШ МАТЧТЫ ӨЗ ПАЙДАСЫНА ШЕШТІ. СОНДЫҚТАН ДА БОЛАР, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФУТБОЛШЫЛАР КЕЙІНГІ ЕКІ АПТАДА ЖЕРГІЛІКТІ ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІ БЫЛАЙ ҚОЙҒАНДА, ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ АУЗЫ ДУАЛЫ ФУТБОЛ МАМАНДАРЫ МЕН САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ТАНДАЙЫН ҚАҚТЫРУМЕН БОЛДЫ. ҰЛТТАР ЛИГАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ДОП ДОДАСЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТИП ЖАТҚАН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ АПТА БҰРЫН ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГКЕ 45-ОРЫНДА ТҰРҒАН (ҚАЗАҚСТАН 125-ОРЫНДА) СЛОВАКИЯ ҚҰРАМАСЫН СЫРТ АЛАНДА САН СОҚТЫРЫП КЕТСЕ, ЕНДІ, МІНЕ, ӨЗ ЖЕРІМІЗДЕ ӨТКЕН ҚАРЫМТА КЕЗДЕСУДЕ ДЕ БАСЫМ ТҮСТІ.**

Мұндайды бұрын-соңды көрмеген едік. Сондықтан дәл бұрынғы кәсіпкер атып қуанып жүргендер көп. Оның үстіне «Астана Аренадағы» ойындарға 30 мыңға жуық жанкүйер жиналып, футболшыларды соңына дейін қолдағанын көріп, шынымен де көп нәрсе өзгере бастағанына сене бастайсың. Бір кездері 70-80-минуттарда команда жеңіліп жатқанда стадионға келген халықтың жартысы шығып кететін. Ал құрамымыздың ойыны өзгеріп, ұпайлар келе бастағанда көрерменнің де көзқарасы жақсарды. Үкіметтегі министр, әкімдердің біразы да сол стадионнан табылды. Ендеше 10 күн бойы тамаша көңіл күй сыйлаған ұлттық құрамымыз жайлы сөз қозғайық.

Биыл футбол федерациясының басшысы ауысып, көпшілікке аса танымал емес Әділет Барменқұлов сайланған. Алматының тумасы болса да, соңғы жылдары Қарағандыда

қызмет еткен Барменқұлов мырза жұмысына кірісімен құрама бапкерін ауыстырды. Молдовамен кездесуден үш апта бұрын Талғат Байсуфиновты қызметінен босатты. Орнына жас мамандардың бірі Андрей Карповичті бапкер міндетін атқарушы етіп тағайындады. Ол әйтеуір С дивизионнда қалу мәселесін шеше алды. Бірақ Карповичтің жұмысы осы жерден тоқтады. Орнына Әділет Назарбайұлына жақсы таныс ұлты чешен, ресейлік маман Магомед Адиев тағайындалды. Таныс дейтін себебіміз, ҚФФ президенті бұған дейін сол Қарағандының «Шахтер» клубы директорлар кеңесінің төрағасы болған. Ал Адиев былтырша бері осы клубты жаттықтырып жүрген. Бастық пен бапкердің тандемі енді ұлттық құрама деңгейінде жалғасын тапты.

Әуелде мұндай таңдауға футбол жанкүйерлері қуана қоймады.



Дегенмен Магомед Мұсаұлы өзінің біліктілігін іс жүзінде көрсете білді. Сөйтіп күмәнді ойда жүрген біраз көрерменді өзіне қарата алды.

Ұлттар лигасының жаңа маусымындағы алғашқы ойын Әзербайжан құрамасымен өтті. Адиев бапкердің бір жақсысы, негізгі құрамды таңдауда батыл шешімдерге бара алады екен. Өйткені бұған

дейін жаттықтырушылардың арасында басшыларға, басқаларға жалғатпап, ойыншыларды іріктейтіндері бар еді. Ал Магомед бапкер Әзербайжанмен ойында «Таразда» жүрген Бауыржан Байтана, Елдос Ахметов, «Астанадағы» Аслан Дарабаев, «Ордабасыдағы» Эльхан Астановты, «Тобылдағы» Бағдат Қайыровты алғашқы минуттардан ойнатты. Бұл

футболшылар бұрынғы бапкерлер кезінде мұндай мүмкіндікке көп ие бола қоймаған.

Бұл ойынның бірінші таймы сол ескі сұрлеумен өтті. Қарағандыға қарағанда қарсылас ширақ болып, айтуір қақпамызды голдан құтқарып қалды. Мұнда қақпашы Игорь Шацкий мен қорғаушылардың еңбегі зор.

**→4**

### БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, Бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

#### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл

«Эврика пресс»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

# РИДДЕРДЕГІ СПОРТ МЕКТЕБІНЕН ТАЛАЙ ЧЕМПИОН ШЫҚҚАН



**РИДДЕР ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ҚУАНЫШ БАЯНДИН ЕЛІМІЗДІҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ 1972 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАНЫН, СПОРТТЫҢ 22 ТҮРІ БОЙЫНША ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕП ЖАТҚАНЫН ТІЛГЕ ТИЕК ЕТТІ.**

Бұл күндері аталмыш мектепте бокс, волейбол, еркін күрес, жеңіл атлетика, сноуборд, тоғызқұмалақ, көркем гимнастика, триатлон, баска да үйірмелер жұмыс істеп тұр, 120 топта 1341 бала жаттығуда. Оқу орнының иелігінде «Сокол» стадионы, спорт модулі бар. Стадионда барлық жағдай жасалған. Биатлон, шаңғы қоссайысы, шайбалы хоккей, тау шаңғысы және сноубордпен шұғылданатындар осы жерде жаттығады екен. 2017 жылы пайдалануға берілген модульде қол күресі, карате, футбол, гандбол, жеңіл атлетика, триатлон, үстел теннисі спорттымен айналысатындар алаңсыз жаттығып жатыр.

– Өткен жыл біз үшін табысты болды, – дейді спорт мектебінің

директоры Қуаныш Сіләмханұлы. – Шәкірттеріміз екі әлем, бір Азия чемпионаттарына қатысып, табыспен оралды. Атап айтқанда, қол күресінің Әділжан Дүсіпов басқаратын үйірмесіндегі бірнеше жас әлем, Азия чемпионаттарында жүлдеге ие болды. Николай Мырзағараев деген жігіт үш құрылықтың жеңімпазы атанды. Никита Хомутовский, Хамза Жасұлан намысты қолдан бермей, жүздемен оралды. Ауданбек Данияр параспорттан өткен ел біріншілігінде қатарынан үш дүркін чемпион атанды. Бақер Әділжанның арманы асқақ, шәкірттерінің Олимп шыңынан көрінуі үшін жан аямай еңбек етуде. Каратеден Литваның Вильнюс қаласында жалауы желбіреген әлем чемпионатында

Айзере Құрманова қола медальді иеленді. Тағы бір шәкіртіміз Бекқазы Дарын Қарағандыда каратеден өткен Азия чемпионатында 65 келі салмақта қарсыластарын қоғдай жапырып, алтын алқа тақты. Әмина Жанысова мен Ольга Бирюкова жеңіл атлетикадан алтын, күміс алқаны олжалады.

Қуаныш Сіләмханұлы 2022 жылғы жетістіктерге де тоқталып өтті.

– Биыл тамаша нәтиже көрсеткендер қатарында Новосібір қаласында сноубордтан өткен жарыста екінші орын алған В.Рожинаны атап кеткен орынды. Ал В.Викторова төртінші орынға табан тіреді. Көктемде табиғаты тамылжыған Алтай Альпісінде таудағы слаломнан жастар арасында Қазақстан чемпионаты өтіп, дүбірлі жарыста Е.Рожина, В.Рожин, А.Гафарова бірінші орынды иеленсе, Р.Шарапов, А.Бородин, В.Савицкая – екінші, ал Е.Шипулина, А.Болгаров, В.Викторова үшінші орынға табан тіреді. Сәуір айында Өзбекстанның Самарқан қаласында қол күресінен Азия чемпионатының жалауы

желбіреді. Бұл дүбірлі жарыстан да жерлестеріміз жеңіспен оралды. 85 келі салмақта өнер көрсеткен Жасұлан Хамзаев, 70 келіде Николай Мырзағараев алтыннан алқа тақса, Никита Хомутовский күміспен күптелді. Семей қаласында дзюдодан өткен дүбірлі додада Ұлжан Нұржанов алтын, Төлеухан Самағ күміс медальді иеленді. Өскеменде еркін күрестен 23 жасқа дейінгі жастар арасында жалауы желбіреген республикалық турнирде Мұхамедәлі Қабилданов алтын, Дәурен Сүлейменов қола алқаға қол жеткізді. Мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады.

«Біз Риддер спорт мектебінде ұзақ жылдар жаттығып, байрақты бәсекелерде ел намысын абыроймен қорғаған саңлақтарымызды мақтан тұтамыз, – дейді Қуаныш Сіләмханұлы. – Олег Игоревич Болтиннің есімі бүкіл елімізге жақсы таныс. Ол біздің мектепте жаттығып, Азия, халықаралық жарыстарда жүлде терген саңлақ. Кез келген адам мақсат қойып, ізденсе, ерінбей жаттықса, биік белестерді

бағындыра алады. Мысалы, Болтин шеберлігін республикалық спорт колледжінде, Жапониядағы Яманачи университетінде шыңдады, өзіне жүктелген сенімді ақтады. Қазір жерлесіміз ұлттық Олимпиада комитетінде еркін күрестен нұсқаушы болып еңбек етуде. Артем Резников, Айбар Жылқыайдаров, Родион Анчугин, Никита Федоров, Екатерина Глазкова, Арина Гладышева сияқты тұлғаларымыз де спортта тамаша нәтижелерге қол жеткізді. Міне, осы саңлақтарға ұсағысы келіп, тынбастан жаттығып жүрген көкөрім тұлғалардан күні ерте мықты спортшылар шығатыны сөзсіз».

Иә, атағы алысқа кеткен Риддер спорт мектебінің, оның басшысы Қуаныш Баяндиннің, ұжым ұстаздарының сөзі мен ісінде алшақтық жоқ екеніне көміл сенеміз.

**Оңдасын ЕЛУБАЙ,**  
«Қазақ спорты» газетінің  
Шығыс Қазақстан облысындағы  
мөншікті тілшісі

## КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫ: ҮШ КОМАНДАНЫҢ ҚАРСЫЛАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ НЬОН ҚАЛАСЫНДА КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫ ЕКІНШІ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕРЕБЕСІ ТАРТЫЛДЫ.



Жеребенің қорытындысы бойынша алғаш рет еурокубокқа қатысатын Петропавлдың «Қызыл-Жар» командасының қарсыласы хорватиялық «Осиек» болды.

«Астана» аталған кезеңде Польшаның «Кишварда» клубымен шеберлік байқасады. Алматының «Қайраты» Венгрияның «Кишварда» клубымен ойнайды.

«Қызыл-Жар СК» – «Осиек» (Хорватия); «Астана» – «Ракув»

(Польша); «Қайрат» – «Кишварда» (Венгрия).

Айта кетейік, екінші іріктеу кезеңдерінің ойындары 21 және 28 шілде күндері болады.

## Станислав ЧЕРЧЕСОВ: АЛҒАШҚЫ МАТЧТЫҢ ҚОСТАНАЙДА ӨТЕТІНІ ЖАҚСЫ БОЛЫП ТҰР

**УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ 2022/2023 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОСТАНАЙДЫҢ «ТОБЫЛ» КЛУБЫ ВЕНГРИЯНЫҢ «ФЕРЕНЦВАРОШ» КОМАНДАСЫМЕН ӨТКІЗЕДІ. ЖЕРЕБЕ ТУРАЛЫ ҚАРСЫЛАС КОМАНДАНЫҢ БАС БАПКЕРІ ПІКІР БІЛДІРДІ.**



Бұл клубты ресейлік маман Станислав Черчесов жаттықтырады. Ол алғашқы матчты сырт алаңда өткізген ыңғайлы екенін айтты. «Әзірге қарсылас жайлы көп ештеңе білмейміз. Бірақ бір анығы, кезінде ЦСКА сапында ойнаған Зоран Тошич бар. Қазақстанда чемпионат қызып тұр. Сондықтан жақын арада Мирослав Ромащенко «Тобылдың» ойынын өз көзімен көріп қайтады», – деді Станислав Черчесов.

Алғаш матч 5/6 шілдеде Қостанайда, қарымта кездесу 12/13 шілдеде Будапеште өтеді деп жоспарланған. Нақты күні мен уақыты кейінірек белгілі болады.

## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ АСТАНАСЫ СЕУЛДЕ ӨТІП ЖАТҚАН СЕМСЕРЛЕСУДЕН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҚОРЖЫНАНА ТАҒЫ БІР МЕДАЛЬ ТҮСТІ.



Командалық сайыста Қазақстан қыздар құрамасы қылыштасу бағдарламасында қола медальға қол жеткізді.

Спортты дамыту дирекциясы мәліметінше, құрамында Әйгерім Сарыбай, Карина Доспай, Татьяна Приходько, Анастасия Гулик өнер көрсететін біздің команда ширек финалға дейін қарсыластарын қоғдай жапырды. Ширек финалда Гонконгпен өткен кездесу аса тартысты болып, 45:43 есебімен жеңісті жұлып алдық. Алайда жартылай финалда дода кожайындары Оңтүстік Кореяға

35:45 есебімен есе жібердік.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Артем Саркисян қылыштасу бәсекесінде қола медальға қол жеткізіп, Қазақстан үшін 17 жыл күткен Азия чемпионатындағы жүлдені өперген еді.

– 1,5 айдан кейін бізді Египет астанасы Каирде өтетін әлем чемпионаты күтіп тұр. Сол жерде барынша сәтті өнер көрсетуге тырысамыз. Қазір барлық дайындығымызды әлем чемпионатына арнап жатырмыз, – деді семсерлесуден Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Алексей Писцов.

## ТАЕКВОНДОШЫЛАР – БІРІККЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫНДА

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАЕКВОНДОШЫЛАР САУД АРАБИЯСЫМЕН БІРІККЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫН ӨТКІЗІП ЖАТЫР. АЗИЯ БІРІНШІЛІГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕН 12 ТАЕКВОНДОШЫ БАҚ СЫНАМАҚ.**

Сауд Арабиясының сегіз таеквондошысы Азия чемпионаты алдында шеберліктерін шындау үшін Алматыға келді, деп хабарлайды Қазақстан таеквондо федерациясының баспасөз қызметі. Қазір олар Қазақстан ұлттық құрамасымен біріккен

оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Естеріңізге сала кетейік, сары құрлық додасы маусымның 24-27-сі аралығында Оңтүстік Кореяның Чхунхон қаласында өтеді. Азия біріншілігінде елімізден 12 таеквондошы бақ сынамақ.

## ЛУЦЕНКО 121-ОРЫНДА ҚАЛЫП ҚОЙДЫ

**ВЕЛОСПОРТТАН ШВЕЙЦАРИЯДАҒЫ КӨПКҮНДІК АЯҚТАЛДЫ. «TOTALENERGIES» КОМАНДАСЫНЫҢ СЛОВАКИЯЛЫҚ ШАБАНДОЗЫ ПЕТЕР САГАН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.**

Екінші орын Бриан Кокарға («Cofidis») бұйырды. Үздік үштікте «Intermarché-Wanty-Gobert Matériaux» өкілі Александр Кристофф бар.

«Астана» сапынан ең үздік нәтижені Дмитрий Груздев көрсетті (58-орын) Евгений Федоров – 120-орын, Алексей Луценко – 121-орын, Джанни Москон – 126-орын, Антонио Нибали – 140-орын, Мануэле Боаро 144-орынға тұрақтады.

«Швейцария туры». Үшінші кезең Эш – Гренхен. 176,9 шақырым

1. Петер Саган (Словакия, «TotalEnergies») – 4:28:38  
2. Бриан Кокар (Франция, «Cofidis») – 4:30:08  
3. Александр Кристофф (Норвегия, «Intermarché-Wanty-Gobert Matériaux») – 4:31:33  
58. Дмитрий Груздев (Қазақстан, «Астана») – 4:33:00  
120. Евгений Федоров (Қазақстан, «Астана») – 4:33:33



121. Алексей Луценко (Қазақстан, «Астана») – 4:34:00  
126. Джанни Москон (Италия, «Астана») – +5:02  
140. Антонио Нибали (Италия, «Астана») – +6:32  
144. Мануэле Боаро (Италия, «Астана») – +10:05

**Жалпы есеп:**

1. Стивен Уильямс (Ұлыбритания, «Bahrain Victorious») – 13:32:19  
2. Андреас Крон (Дания, Lotto Soudal) – +0:06  
3. Андреас Лекнесунд (Норвегия, «DSM») – +0:07  
52. Алексей Луценко (Қазақстан, «Астана») – +4:43  
58. Джанни Москон (Италия, «Астана») – +5:36  
94. Дмитрий Груздев (Қазақстан, «Астана») – +15:54  
129. Евгений Федоров (Қазақстан, «Астана») – +24:31  
130. Антонио Нибали (Италия, «Астана») – +24:50  
131. Мануэле Боаро (Италия, «Астана») – +25:00

## Қайрат СӘТЖАНОВ,

БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІ:

# ЖЫЛ БАСЫНДА ПРОБЛЕМАЛАР БОЛДЫ, БАРЛЫҒЫНА ТҮСІНІСТІКПЕН ҚАРАДЫҚ



**ЖАҚЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ БАС ҚАЛАСЫНДА БОКСТАН «ЕЛОРДА КУБОГЫ» САРАПҚА САЛЫНАДЫ. ОҒАН ҚАТЫСУҒА АЛЫС-ЖАҚЫН ЕЛДЕН МЫҚТЫ ДЕГЕН ҚҰРАМАЛАР ӨТІНІШ ТҮСІРГЕН. БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕНІҢ АЛДЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІ ҚАЙРАТ СӘТЖАНОВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.**

– Ұлттық құраманың «Елорда кубогына» дайындығы қандай?

– 14 маусымда осында жиналды. Бірден жаттығуды бастап кеттік. Екі апта дайындаламыз. Қазіргі кезде Жапония, Қырғызстан құрамалары жүр. Алда Куба, Өзбекстан, Қытай боксшылары келеді. Жалпы бұл жарысқа 10 елдің спортшылары қатысады.

– Қазақстаннан кімдер сынға түседі?

– Былтыр Қазақстан чемпионатында жартылай финалға дейін жеткен боксшылардың барлығына мүмкіндік беріліп жатыр. Әр салмақта 4 боксшыдан өнер көрсетеді. Үздіктердің бәрі қатарда. Олимпиада ойындарының жүлдегері, әлем чемпионы Сәкен Бибосынов бастаған жігіттердің ешқайсысы додандан тыс қалмайды.

– Абылайхан Жүсіпов, Әбілхан Аманқұл секілді жігіттер кәсіпқой бокста жүр. Олардың орнын кім басады?

– Жастардан келіп жатқан боксшылар бар. Мысалы, Сабыржан Ақхалықовты айтуға болады. Асланбек Шымбергенов ұлттық құрама капитаны. Құрамадағы жігіттердің кез келгені осал емес.

– Быыл Қытайдағы Азия ойындары кейінге шегерілді. Бұл

жоспарларыңызды өзгертті ме?

– Әлбетте, жыл басында жоспар жасалады. Сол бойынша оқу-жаттығу жиындарына барып, жарыстарға қатысатынбыз. 2022 жылы әлем, Олимпиада ойындары жоқ. Сондықтан бар күшті Азия ойындарына саламыз деп ойлағанбыз. Бірақ төрт жылда бір өтетін бәсеке келесі жылға шегерілді. Есесіне Азия чемпионатын өткізгелі жатыр. Алдын ала мәлімет бойынша дүбірлі доданы БАӘ астанасы Әбу-Даби қаласы өткізеді.

– Сонда «Елорда кубогында» көзге түскендерді Азия чемпионатына алып барасыз ба?

– Иә, осы жарыста жігіттердің шама-шарқын байқаймыз. Барлығына тапсырма беріліп, жоғары мақсат қойып жатырмыз.

– Мысалы?

– 49 келіде Санжар Тәшкенбай мен Теміртас Жүсіповтің біреуі алтын алуы керек дегендей. Әр салмақтағы көшбасшылар өз мықтылығын дәлелдеуі керек.

– Қарсылас командалардың сапында мықтылардың біразы келе ме?

– Жапонияда Сэвон Окадзава деген боксшы жүр. Бұл жігіт былтыр Белградта Абылайханды жолынан ығыстырған. Өздеріңіз білесіздер,

«Иә, жыл басында проблемалар болды, барлығына түсіністікпен қарадық. Қазір бәрі реттелді. Сосын боксшылардың жалақысы да өсті. Менің айлығыма да ақша қосылды. Боксшылардың жалақысы бұрынғымен салыстырғанда 30-40 мың теңгеге өсті. Одан бөлек, боксшылардың барлығына бірыңғай жейде берілді. Бұл былтыр алынып қойған екен. Сол енді қолымызға жетті. Спортшылар бұған қатты қуанып қалды.

Жапония құрамасы өз тарихында алғаш рет екі алтын алды. Қазір әуесқой мен кәсіпқой боксты қатар алып жүруге рұқсат етті. Сондықтан Куба, Өзбекстан негізгі құрамда келеді. Өзбектердің Хасонбой Дусматов, Баходир Жалолов секілді боксшылары хаттамаға енген. Куба да Олимпиададан кейін жаңартылған үздік құрамымен келеді.

– Дусматовтың жерлесіміз Бибосыновтан есе қайтарғысы келетіні түсінікті. Егер жолдары түйісіп жатса, оған дайындап отырған жоспарларыңыз бар ма?

– Сәкен – шебер боксшы. Оны кез келген адам жеңе алмайды. Дайындалып жатыр. Хасонбойға қарағанда бойы да, қолы да ұзын. Кездесіп жатса, тағы да басым түседі деп ойлаймын.

– Thailand Open-2022 халықаралық турниріне Сұлтан Мусинов деген боксшы қатысты. Бұл жігіттің әкесі Руслан Мусинов те

боксшы болғанын білеміз. Бір кездері екі дүркін Олимпиада чемпионы Марио Кинделанды жеңгені де есімізде. Осындай мықты боксшының баласының қарым-қабілеті қалай екен?

– Таиландта ол Ву Тан Дат дейтін вьетнамдық боксшыны жартылай финалда нокаутпен жеңді. Тек шешуші кезеңде жергілікті боксшыға есе жіберді. Сұлтанның әлеуеті мол, бірақ тәжірибесі аздау. Болашақта көп үміт күттіреді. Әкесі секілді жұдырығы ауыр, соққысы мығым боксшы болатын секілді.

– Қазақстанда олимпиадалық спорт түрлерінде қаржыландыру қайта өзгерді. Яғни Ұлттық олимпиада комитетінен Спортты дамыту дирекциясына берілді. Көктемде құжатқа байланысты айлықтарыңыздың кешіккенінен хабардармыз. Қазір жағдай жақсарды ма?

– Иә, жыл басында проблемалар болды. Барлығына түсіністікпен

қарадық. Қазір бәрі реттелді. Сосын боксшылардың жалақысы да өсті. Менің айлығыма да ақша қосылды. Боксшылардың жалақысы бұрынғымен салыстырғанда 30-40 мың теңгеге өсті. Одан бөлек, боксшылардың барлығына бірыңғай жейде берілді. Бұл былтыр алынып қойған екен. Сол енді қолымызға жетті. Спортшылар бұған қатты қуанып қалды.

– Былтыр Дубайдағы Азия чемпионатында бапкерлердің кейбіреуі «Маңғыстау», «Шымкент» деген жазумен жүрді. Енді ондай кемшіліктер жіберілмейтін шығар?

– Бұл дегеніміз – еліміздің имиджі. Сондықтан ондайларға енді қатты мән беріледі. Қазіргі кезде боксшылар мен бапкерлерге бірыңғай жейде толықтай берілді. Сондықтан бапкерлер алдағы жарысқа толықтай «Қазақстан» деген жазуы бар жейдемен барады.

– Қамшыбек Қоңқабаев кәсіпқой боксқа ауысқан соң, аса ауыр салмақта оның орнын кім басады?

– Қазір Нұрлан Сапарбай мен Дамир Тойбай секілді жігіттеріміз бар. Оларға да барлығын түсіндіріп жатырмыз. Ал Қамшыбек жайлы айтар болсам, ол тамыз айында ұлттық құрама қатарына қайта қосылады. Сөйтіп Азия чемпионатына қатысады деп жоспарлап отырмыз.

– Жақына радағы басты жоспар?

– Елорда кубогынан кейін Түркияда оқу-жаттығу жиынын өткіземіз.

Өңгімелескен – Бек ТӨЛЕУ



## ГУРАЛЬСКИ «ҚАЙРАТТАН» КЕТТІ

АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТ» КОМАНДАСЫНЫҢ КАПИТАНЫ ЯЦЕК ГУРАЛЬСКИ КОМАНДАДАН КЕТТІ.



Польша құрамасының капитаны «Қайратқа» 2020 жылы қаңтарда келді. Ол осы аралықта 37 матчқа қатысқан.

2020 жылы Қазақстан чемпионы атанды. Былтыр ел кубогында топ жарған. Осы жылы «Қайраттың» капитаны болып, 8 ойында команданы алаңға бастап шыққан.

Енді Гуральский Германияның «Бохум» клубына ауысуы мүмкін.

## БАБАЯН ҚАЗАҚСТАНҒА ОРАЛА МА? ЦСКА-ДАН РЕСМИ ТҮРДЕ КЕТТІ

МӘСКЕУДІҢ ЦСКА КЛУБЫНЫҢ БАПКЕРЛІК ШТАБЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАМАН ГРИГОРИЙ БАБАЯН РЕСМИ ТҮРДЕ ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТТІ.

ЦСКА қазақстандық маманмен келісімшартты ұзартпайтынын хабарлады. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін бас бапкер болып келген Алексей Березуцкий қызметінен кетті. Енді команданы Владимир Федотов жаттықтыратын болады.

Григорий Бабаян – 1980 жылы Алматыда дүниеге келген. 2008-2014 жылы Қазақстан ұлттық құрамасының бапкерлік штабында жұмыс істеген. Одан кейін «Астана» мен «Тобыл» клубын жаттықтырды.





# 10 КҮН БОЙЫ

## ҚУАНЫШҚА БӨЛЕГЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА



← 1

Сосын екінші таймда Адиев басқаша жүріс жасады. Байтананың орнына Оразовты шығарды. Рамазан шабуыл мен қорғаныс арасын тамаша жалғай білді. Шабуылдағы жалғыз үмітіміз Абат Айымбетов жарады. Айналырған санаулы минуттың ішінде екі гол соғып, аспандаған Әзербайжан құрамасын жерге түсірді. Қазақстан УЕФА-ға мүше болғалы отандастарымыздан ең көп ұтылған осы Каспийдің әр жағында бауырларымыз екен. Қазақстанға жалпы саны бес рет есе жіберіпті.

Бірінші ойынды ұттық, қоржында үш ұпай бар. Бірақ жаңа бапкер келгенде алғашқы ойынды сәтті бастайтынымыз бар. Кейін баз баяғы қалпымызға оралатынымыз. Михал Билек әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде Шотландияны 3:0 есебімен жеңіп, екінші күні Ресейден 0:4 есебімен ойсырай ұтылған. Сосын Ұлттар лигасында Литвадан сырт алаңда үш ұпай алып, кейін топта соңғы орында қалып қойғанбыз.

Бірақ Адиев ондайлардың қатарынан емес екен. Әзербайжанның мәселесін шешкен соң, Словакияға барды. Трнава қаласында өткен ойында қарсыластың құрамында Милан Шкриняр, Станислав Лоботка, Юрий Куцка, Владимир Вайсс секілді Еуропа футболына есімі жақсы таныс футболшылар жүрді. Алайда іс жүзінде бүкіл ойын бойы словактар өз өнерін көрсете алған жоқ. Мұнда да Адиевтің амалы іске асқандай көрінеді.

Келесі кезек Беларусь құрамасына келді. Бұл санкцияға байланысты ойындарын өз елдерінде қабылдай алмайды. Сондықтан бейтарап мемлекетте ойнау керек. УЕФА Сербияны ұсыныпты. Матч дәл жаңбырлы күні өтті. Ақ жауынның астында ойнау екі командаға да оңай соқпады. Бірінші таймда Ян Вороговскийдің пасын Абат Айымбетов голға айналдыра алған. Бұл «Реал Мадридтің» жұлдызы Карим Бензема стилінде соғылған тамаша доп болды. Өкінішке қарай, жеңісті соңына дейін ұстап тұра алмадық. Үзілістен кейін алаңға кірген ойыншылар қателік жіберіп, қарсылас таразы басын теңестірді. Сөйтіп матч 1:1 есебімен тең аяқталды.

Әйтеуір осы белорустармен жолымыз болмайды. Неше рет кездесек те, бір де бір рет жеңе алмай жүрміз. Енді қыркүйекте астанада қарымта қайтарамыз деп үміттенеміз.

Маусымдағы ойындардың нүктесі Словакиямен қойылды. Орталық Еуропаның футболшылары «Астана Арена» стадионына келді. Алғашқы үш ойындағы Қазақстан құрамасының қарқыны жанкүйерлердің делебесін қоздырғандай. 30 мың адамға арналған стадионға 29 мың көрермен жиналды.

Ұлттар лигасының жеребесі тартылған бетте футбол сарапшылары Словакияны «С» дивизионындағы үшінші топтың көшбасшысы екенін айтып, оларға мерзімінен бұрын «В» дивизионының жолдамасын беріп қойған еді. Себебі Словакия, жоғарыда айтып өткендей, әлемдік

“ Қазақстан құрамасының құдіреті неде болып тұр? Мен киім ауыстыратын бөлмеде жігіттерге өз сөзімді айттым. Футболда жеңіспен қатар жеңіліс бар. Әртүрлі жағдайлар бола береді. Мысалы, Беларусьпен ойында тіпті қарсыласқа есе жіберіп қоя жаздадық. Бапкерлер штабының ең басты жеңісі – футболшылардың басын біріктіре алды. Қандай мықты тактик бапкер болсаң да, ынтымақ-бірлік болмаса, бәрі бекер. Егер ондай ұжымдық қарым-қатынас орнаса, нәтиже де келеді. Ал жағдай басқаша өрбісе, супержаттықтырушының өзі ештеңе істей алмайды”, дейді Магомед Адиев.

рейтингте топтағы өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда биік тұрған жоғары деңгейдегі құрама саналады.

Мәселен, наурыз айындағы ФИФА рейтингінде Беларусь құрамасы 93-орынға жайғасса, Әзербайжан футболшылары 129-орынға тұрақтаған. Сонымен қатар Словакия құрамасында доп тебетін футболшылардың дені Еуропаның ТОП-5 чемпионатында өнер көрсетеді.

Атап айтар болсақ, қақпашы Доминик Грейф пен қорғаушы Мартин Вальент Испанияның «Мальоркасында» ойнаса, Марек Родак Англияның «Фулхэм» клубының қақпасын күзетеді. Ал Юрий Куцка «Уотфордтың» шабуылшысы. Милан Шкриняр («Интер»), Станислав Лоботка («Наполи»), Давид Стрелец («Специя») Италия А сериясының ойыншылары. Одан бөлек, Германия, Нидерланд, АҚШ, Түркия чемпионаттарында да бақ сынаптығын футболшылары жетерлік. Ал Қазақстан құрамасында шетел біріншілігінде доп тебетін екі-ақ ойыншы бар. Бірі – Нүрәлі Әліп («Зенит», Ресей), екіншісі – Ян Вороговский (RWDM, Бельгия).

Дей тұрғанмен, біздің жігіттер үздік футболшылармен жасақталған, Еуропаның сарапшылары мақтаған азулы Словакияны екі ойында да қақпақпен ұрып алды. Алдыңғы дүйсенбіде Трнавадағы «Сити Аренада» өткен бірінші матчта Қазақстан Милан Шкриняр бастаған алаң қожайындарын 1:0 есебімен тізе бүктірді. Ойын

Турнир кестесі							
№	Құрама	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Доп айырмасы	Ұпай
1	Қазақстан	4	3	1	0	6-2	10
2	Словакия	4	2	0	2	3-3	6
3	Әзербайжан	4	1	1	2	2-3	4
4	Беларусь	4	0	2	2	1-4	2

тағдырын шешкен жалғыз голды кездесудің 26-минутында «Астананың» жартылай қорғаушысы Аслан Дарабаев соқты. Бұл жеңілісті словакиялық футбол жанкүйерлері де, сол елдің футболға жауапты мамандары да ауыр қабылдады. Сөйтіп, матчтың ергесі күні Словакия футбол федерациясының басшылығы бас жаттықтырушы Штефан Тарковичті қызметінен алып тастады. Бұрындары, әдетте, жеңілістен көз ашпайтын Қазақстан құрамасының бапкерлері бірінен соң бірі қызметінен кетіп жататын. Енді, міне, кезек қарсыластарға да жеткен сияқты.

Араға апта салып елордадағы «Астана Арена» стадионында ұйымдастырылған қарымта кездесуде жерлестеріміздің жігерлі жеңісімен аяқталды. Өз жерінде, жанкүйерлерінің алдында рейтингте екінші жүздіктің қатарында орналасқан Қазақстаннан жеңіліп, қолда тұрған маңызды ұпайынан айырылған Словакия футболшылары елордаға есе қайтару үшін және өздеріне тиесілі болған алты ұпайдың ең құрығында үшеуін олжалау мақсатында келгені

анық еді. Алайда Қазақстан құрамасының намысты жігіттері қарсыластарына үш ұпай былай тұрсын, соқыр ұпай да ұстатқан жоқ.

Жалпы айтқанда, Магомед Адиевтің ұлттық құрамаға келуімен біздің жігіттердің ойыны да, нәтижелері де жақсара бастады. Бас бапкер құрамаға тәжірибелі ойыншылармен қатар жас футболшыларды шақырып, жастарға сенім білдірді. Өз кезегінде олар Адиевтің сеніміне селкеу түсірмеді. Кешегі матчтағы Елхан Астанов пен Рамазан Оразовтың ойындарына жанкүйерлер де, бапкерлер құрамы да дән риза. Сондай-ақ ресейлік маман өзінің өзгерістерден қорықпайтын тәуекелшіл және бәрін алдын ала болжай алатын мықты стратег бапкер екенін байқатты.

Мәселен, маусым айындағы төрт ойында да қарсыластарды қателестіру үшін барлық матчта бес қорғаушымен ойнады. Бірақ сырт алаңдағы кездесулерде қарсы шабуылға, үйдегі ойындарда шабуылға көбірек көңіл бөлді. Айталық, кешегі Словакиямен болған кездесуде әдеттегідей бес қорғаушымен ойнаса да, сол қапталдың

қорғанысына Тимур Досмамбетовті жауапты етіп қойды да, жартылай қорғанысқа, яғни оның жоғары жағына осы қанат арқылы шабуылдайтын тағы бір қорғаушы Ян Вороговскийді шығарды. Ал оң қапталға Михаил Габышевты, одан жоғарыға Елхан Астановты қойды. Орталық жартылай қорғаныста Асхат Тағыбергел мен Аслан Дарабаев, шабуылда Абат Айымбетов ойнады.

Қарсыластың қорғаушылары көп сәтте Айымбетов пен орталық жартылай қорғаушыларды тұсап ұстауға тырысты да, қапталдағы футболшыларымызды ұмыт қалдырды. Алғашқы гол соғылар сәтте Словакияның екі қорғаушысы Айымбетовті «жабуға» тырысып, Вороговскийді қараусыз қалдырды. Сөйтіп, Ян еш қиындықсыз допты қақпаға енгізді. Байқасаңыздар, кешегі ойындағы біздің құраманың екі голы да, шабуылдары да қаптал арқылы ұйымдастырылды. 10 күн бұрын ғана ұлттық құрамада дебют жасаған Елхан Астанов төртінші матчтағы тұңғыш голын тағы да сол қапталдан ұйымдастырылған шабуылдан кейін соқты.

Екінші таймда физикалық тұрғыда шаршай бастаған Қазақстан құрамасы басымдықты словакиялықтарға беріп қойды. Нәтижесінде, қонақтар екінші таймның басында Матуш Беронның голынан кейін есеп айырмасын қысқартты. Ойынның қалған уақытында да қарсыластар Игорь Шацкий қорғаған қақпаға толассыз шабуыл ұйымдастырғанымен, оның бірде-біреуін голға айналдыра алмады.

Осылайша, Қазақстан құрамасы Словакияны екі ойында да жеңіп, тарихи нәтижеге қол жеткізді. Төрт ойыннан кейін 10 ұпай жинаған жерлестеріміз «С» лигасының үшінші тобында жеке-дара көш бастады. Екі жеңісі бар Словакия алты ұпаймен екінші орын сақтап қалса, топтағы екінші ойында өз алаңында Беларусь құрамасынан басым түскен Әзербайжан төрт ұпаймен үшінші сатыға көтеріліп алды. Бір ғана ұпайы бар Беларусь соңғы орында қалып қойды.

Енді қыркүйекте Беларусь және Әзербайжан құрамаларымен кездесеміз. Егер сол ойындардың кемі біреуін ұтсақ, өз тобымызда топ жарамыз. Бұл дегеніміз Қазақстанның Ұлттар лигасының В дивизионына көтерілуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар 2024 жылғы Еуропа чемпионатының жолдамасына таласуға мүмкіндік туады деген сөз. Яғни С дивизионының төрт тобындағы жеңімпаз өзара кездесіп, бір жолдамаға иелік етеді. Дәл қазіргі таңда Түркия, Грекия, Грузия және Қазақстан өз топтарында көш бастап тұр.

Ол әзірге қарсылас құрамалардың бір де бірі жеңілісті өз еркімен мойындамағанын айтты. Сөзінің жаны бар. Әзербайжан құрамасының бас бапкері екі доп жіберсе де, Қазақстанның жеңісін кездейсоқ деген еді. Бірақ ондайларға Адиевтің айтары бар. Аз сөйлеп, көп жұмыс істесе. Бастысы, мықтылығын алаңда көрсету. Әзірге Мұсаұлының бұл жоспары жүзеге асып тұр.



# КІЛ МЫҚТЫДА КІМ МЫҚТЫ?

## МОҢҒОЛИЯНЫҢ ҰЛАН-БАТЫР ҚАЛАСЫНДА ДЗЮДОДАН ГРАНД СЛАМ ТУРНИРИ ӨТЕДІ

**ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ ДЗЮДОШЫЛАРЫ МАУСЫМНЫҢ 24-26 АРАЛЫҒЫНДА МОҢҒОЛИЯНЫҢ ҰЛАН-БАТЫР ҚАЛАСЫНДА ГРАНД СЛАМ БӘСЕКЕСІНДЕ БАҚ СЫНАЙДЫ. БҮГІНГЕ ДЕЙІН БЕЛГІЛІ БОЛҒАНДАЙ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСҚА ӘЛЕМНІҢ 29 ЕЛІНЕН 271 ДЗЮДОШЫ ҚАТЫСАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ.**

### ГРАНД СЛАМҒА 20 ДЗЮДОШЫ ҚАТЫСАДЫ

Қазақстан дзюдошылары қазіргі таңда Алматы облысына қарасты Олимпиадалық ізбасарлар даярлайтын орталықта оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр. Халықаралық федерацияның таратқан мәліметі бойынша, Моңғолия астанасында өтетін жарысқа елімізден жалпы саны 20 (13 ер, 7 қыз) дзюдошы қатысады. Атап айтсақ, Нұрбол Сүлейменов баптайтын ерлер құрамасының сапында Бауыржан Нарбаев (60 келі), Қанат Сейілхан (60 келі), Елдос Сметов (66 келі), Ғұсман Қырғызбаев (66 келі), Ерлан Серікжанов (73 келі), Аңсарбек Ғайнуллин (73 келі), Бекәділ Шаймерденов (81 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі), Ерсұлтан Мұзаппаров (90 келі), Дидар Хамза (90 келі), Нұрлыхан Шерхан (100 келі), Ислам Бозбаев (100 келі), Әділ Оразбаев (+100 келі) сынды балуандарымыз бар. Әйелдер арасындағы жарысқа бас бапкер Ерлан Алпысбаев Абиба Абужақынова (48 келі), Самалай Ергалиева (63 келі), Зере Бектасқызы (70 келі), Екатерина Токарева (70 келі), Аруна Жангелдина (-78 келі), Назгүл Маратова (+78 келі), Камила Берліқаш (+78 келі) сынды бойжеткендерді қосуды жоспарлап отыр.

### АЛҒАШҚЫ АЛАМАННАН ҮШ МЕДАЛЬ АЛДЫҚ

Қазақстанның ерлер құрамасы ақпан айының 17-19 аралығында Израильдің Тель-Авив қаласында өткен Гранд-Слам турнирінде 1 күміс, 2 қола медаль жеңіп алды. Бұл дзюдошыларымыздың биылғы жылға жоспарланған алғашқы жарысы болатын. Онда 60 келі салмақта өнер көрсеткен Бауыржан Нарбаев күміс медаль еншілессе, дәл осы салмақта ел намысын қорғаған Мағжан Шамшаддин қола медальға ие болды. Сонымен қатар, 73 келіде күрескен Жансай Смағұлов та үздік үштіктен көрініп, Гранд Слам бәсекесінің жүлдегері атанды.

Былыр Токио олимпиадасынан кейін 66 келі салмақта ауысқан Елдос Сметов Израиль астанасындағы аламанда жаңа салмақта бағын сынаған еді. Өкінішке қарай, Сметовтің сол сында жолы болмады. Ол бірінші айналымда нидерландтық балуанды жеңгенімен, екінші айналымда испаниялық қарсыласынан аяласын асыра алмады. Көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы, әлем чемпионатының күміс медаль иегері Ғұсман Қырғызбаев та 66 келіге өтіп, оның да алғашқы Гранд Слам сайысы сәтсіз аяқталды. Ғұсман екінші айналымда украиналық балуаннан ұтылды.

### АНТАЛЬЯДАҒЫ «ДЕМАЛЫС»

Сәуір айында Түркияның Анталья қаласында тағы бір Гранд Слам жарысының жалауы көтерілді. Қазақстан құрамасы бұл бәсекеге 23 балуаны қосып, барлығы да бос қайтты. Ең жоғары нәтижеміз 73 келідегі Жансай Смағұловтың бесінші орны болды. Өкініштісі сол, Антальяға елімізден ең мықты деген балуандардың бәрі қатысты. 60 келіде Мағжан Шамшаддин мен Бауыржан Нарбаев, 66 келіде Елдос Сметов пен Ғұсман Қырғызбаев, 90 келіде Дидар Хамза, 100 келі салмақтың тізгінін ұстаған Ислам Бозбаев Түркия төрінде төселген татамиде бірінен кейін бірі жығылып жатты. Медаль алуға мүмкіндігі болған балуанның бірі Жансай Смағұлов болатын. Ол өз тобында бірінші орын алып, жартылай финалға шыққанымен Грузия балуанынан жеңіліп қалды. Дәл осы белдесуде отандасымыз



тізесінен жарақат алып, қола медаль үшін болған белдесуге шыға алмай, бесінші орынмен шектелді. Жансай қазіргі күні жарақатын емдетумен жүр. Ұлан-Батырдағы Гранд Сламға қатыспайды. Егер бәрі жақсы болып, қатарға қосылып жатса, тамыз айында өтетін Азия чемпионатында бақ сынауы мүмкін.

### АЗИЯНЫҢ МЫҚТЫЛАРЫ ЕЛОРДАДА БАС ҚОСАДЫ

